

Качир аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 шілдедегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Качир ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 3/6 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Качир аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 шілдедегі № 3/31 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 тамызда № 6045 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 4/51 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 06.12.2019 № 4/51 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Качир аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 шілдедегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Качир ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 3/6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5215 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Качир ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларының 10-тармағындағы 3) тармақшасы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"осы Қағидалардың 9-тармағының б) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санаттарға 10 АЕК мөлшерінде тексерілу және емделу үшін уәкілетті органға осы Қағидалардың 15-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген

құжаттарды, мүгедектік туралы анықтама, медициналық мекеменің емделу курсы алғаны туралы растау - анықтамасы қоса берумен жазған өтініш негізінде ;".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала мен заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Ахменова

С. Баяндинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК